



# *Ашық сабақ*



Мақсаты: грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырыпты байланыстыра отырып, жаңа тақырып бойынша оқушыларға жан - жақты білім беру.


Сабақтың міндеттері:

1. Етістіктің рай категориясы туралы жалпы мағлұмат беру, театр және кино өнерінің тарихын толық меңгерту.
2. Мәдениетке сүйіспеншілікпен қарауға ынталандыру.
3. Ойлау қабілеттерін, сезімін, ізденімпаздықтарын дамыту.

## **«Біліміңді байқап көр» сайысы**

1. Етістік дегеніміз не?
2. Етістік құрылымына және тұлғасына қарай нешеге бөлінеді? Қандай? Мысал келтір.
3. Етістіктің шақтары дегеніміз не?
4. Етістіктің шақтары нешеге бөлінеді? Қандай?
5. Осы шақ дегеніміз не? Мысал келтір.
6. Осы шақтың неше түрі бар? Қандай? Мысал келтір.
7. Өткен шақ дегеніміз не? Мысал келтір.
8. Өткен шақ түрлері? Мысал келтір.
9. Келер шақ дегеніміз не? Мысал келтір.
10. Келер шақтың неше түрі бар? Қандай? Мысал келтір.

# Етістіктің райлары

- 
- 1) *ашық рай*
  - 2) *бұйрық рай*
  - 3) *шартты рай*
  - 4) *қалау рай*





## Жаңа тақырыпты түсіндіру.

- Сөйлеушінің сөзі арқылы қимылдың шындыққа қатысын, айтушының пікірін, көзқарасын білдіріп, белгілі бір грамматикалық тұлғалар арқылы жасалатын етістік түрі рай категориясы деп аталады.
- Етістіктің райлары қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асу, орындалу мүмкіндігіне қарай төрт түрге бөлінеді: ашық рай, бұйрық рай,, шартты рай, қадау рай.

**Ашық рай** - үш шақта тұратын етістіктер.



**Мысалы: жазып отырмын, жаздым жазамын.**

**Бұйрық рай** – етістікке-айын,-ейін,-ыңыз,-іңіз,-сын,-сін,-айық,-ейік,-ыңыздар,-іңіздер қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады.

**Мысалы: барайын, кел, айтсын, оқыңыз.**



# Ашық рай

Үш шақтың бірінде қолданылып,  
сөйлеушінің шындыққа қатысты  
баяндауын ашық рай дейміз.

Мысалы:

Келемін тау ішінде түнделетіп. (С.С.)

Мақсатым тіл ұстартып, өнер

шашпақ. (А). Жер жырттық,

қайнады еңбек, егіс салдық. (Ж.Ж.)

- Бұйрық рай іс-әрекеттің тыңдаушыға я бөгде біреуге қаратылып, бұйыра, талап, тілек етіле айту мағынасын білдіреді. **Мысалы: Тыңда, дала, Жамбылды!**
- Бір жаққа қаратылып, қимылдың іс-әрекеттің орындалуын талап ету мағынасын білдіретін етістіктің рай түрі бұйрық рай деп аталады.
- Түбірдің жіктелу арқылы жасалады. Бұйрық райдың жіктік жалғаулары етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына жалғана береді.



## Бұйрық райдың жіктелу үлгісі

<b>жа</b>	<b>жекеше</b>	<b>Көпше</b>
<b>Қ</b>		
<b>I</b>	<b>Барайын, келейін, санайын</b>	<b>Барайық, келейік, санайық</b>
<b>II</b>	<b>Бар-, кел-, сана, Барыңыз, келіңіз, санаңыз</b>	<b>Барындар, келіңдер, санаңдар Барыңыздар, келіңіздер, санаңыздар</b>
<b>III</b>	<b>Барсын, келсін, санасын</b>	<b>Барсын, келсін, санасын</b>

- Етістіктің бұйрық рай түріне кейде –шы, -ші жұрнағы жалғанып та жұмсала береді.
- Ондайда бұйрық райлы етістік бұйрық, талап ету мағынасынан гөрі өтініш, тілек, жалыну мағынасын білдіреді. Мысалы:  
(мен) алайын-алайыншы



**Шартты рай** – түбір + са, се + жіктік жалғау.

*Мысалы: көрсем, барсаң, айтсаңыз, жүрсе.*

**Қалау рай** - түбір + қы, кі, ғы, гі + жіктік жалғау + кел.

*Мысалы: тойлағым келеді, барғың келеді.*



- Етістіктің шартты райы қимылдың, іс-әрекеттің болу болмау, іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын білдіреді. Шартты рай етістіктік негізгі және туынды
- түбіріне ,етіс және болымсыз етістік тұлғаларына –са, -се жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: бар-са, жүр-се, кел-се
- Қалау – ниет , тілек дегенді білдіреді
- Сонда қалау рай дегеніміз іс иесінің қимылды , іс- әрекетті қалауын, соған ынтасын , ниетін білдіреді , бірақ беретін мағынасы нақтылы емес және белгілі бір жолдармен жасалады.
- Мысалы : Менің кітап оқығым келеді.
- Сабақтан шыққан соң үйлеріңе аман жетсеңдер игі еді. .
-

Әр райға қатысты  
мақал - мәтел,  
нақыл сөздер  
жарысы.



**«Миға шабуыл»**

***Неліктен? Себебі? Не үшін? Неге?***

***4 мин***

***Неліктен ашық рай шақ  
мағынасымен тікелей байланысты?  
Не себепті оны ашық рай деп атаған?***

***Сөйлемдердің қай райда тұрғанын  
тауып, неліктен ашық рай екенін  
дәлелдету.***



## **Қолдану**

**«Теріп жазу» әдісі**

**5 мин**

**1-топ. 146-жаттығу. Етістіктерін теріп жазып, қай шақта тұрғанын анықтау.**

**2-топ. 147-жаттығу. Ашық райлы етістіктерді теріп жазып, қалай жасалғанын табу.**

**3-топ. 148-жаттығу. Ашық райлы етістіктерді талдау.**

Мәнерлеп оқу. «Поэзия минуты».

Фариза Оңғарсынованың ана тақырыбындағы өлеңін **(179-жаттығу)** оқушыларға мәнерлеп оқыту.

Өлең кім туралы? Авторы кім?

Ақынның басқа қандай өлеңдерін білеміз?

Өлеңнен бұйрық рай, қалау рай, ашық райда тұрған етістіктерді табыңыздар.

Ашық райдағы етістіктердің қай шақта тұрғанын талдаңыздар.

Берілген сөйлемдердегі АШЫҚ РАЙЛЫ етістіктерді тауып, оған морфологиялық сатылай кешенді талдау жасау керек

1. Астана қаласына саяхатшылар жер-жерден келеді.

Етістікті морфологиялық сатылай кешенді талдау үлгісі  
Келеді -

1. Құрамына қарай: 3 құрамды кел-түбір, -е- көсемше жұрнағы, -ді- жіктік

жалғаудың I жағы, жекеше түрі.

2. Тұлғасына қарай: негізгі

3. Құрылысына қарай: дара

4. Лексикалық мағынасы – қимыл-іс әрекетке берілген атау

5. Етістіктің райлары - ашық рай

6. Етістіктің шақтары – ауыспалы осы шақ.

(Әрі қарай оқушылар тақтаға шығып, орындайды.)





## **“Сиқырлы ағаш” ойыны.**

**Ойынның мақсаты: Оқушыларды сұраққа жауап бере білуге үйрету.**

**Ойынның шарты: Тақтаға қатты қағаздан жасалған алма ағашы ілінеді. Алмалардың сыртында бір сұрақтан жазылады. Тақтаға шыққан оқушы алманы алып, сұраққа жауап береді. Егер оқушы сұраққа дұрыс жауап берсе, алманы өзіне қалдырады. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалайды.**


Үй тапсырмасы

“Табиғат аясындағы серуен”

Эссе жазып келу

(рай түрлерін қатыстыра  
отырып)





*«Екі жұлдыз, бір  
тілек» әдісі  
арқылы топтар  
бір-бірін  
бағалайды.*



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**



